

"Кеден өкілдерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 1 қыркүйектегі № 105 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Қоса беріліп отырған:

"Кеден өкілдерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Кеден өкілдерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Кеден өкілдерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Кеден өкілдерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық комиссияның Ақпараттық технологиялар департаменті Еуразиялық экономикалық комиссияның Кедендік инфрақұрылым департаментімен бірлесіп, осы Шешіммен бекітілген Сипаттамада көзделген электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының техникалық схемаларын әзірлеп, бекітеді және оларды сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру кезінде пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының тізілімінде орналастыруды қамтамасыз етеді деп белгіленсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 180 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

В. Христенко

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының 2015 жылғы
1 қыркүйектегі № 105 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

**"Кеден өкілдерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл
ҚАҒИДАЛАРЫ**

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақ құқығына кіретін мынадай актілерге сәйкес әзірленген:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Қағидалар "Кеден өкілдерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесі (бұдан әрі – жалпы процесс) шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипатталуын қоса алғанда, осы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленген.

3. Осы Қағидаларды жалпы процесс шеңберінде рәсімдер мен операциялардың орындалу тәртібін бақылау, сондай-ақ жалпы процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің құрауыштарын жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде жалпы процеске қатысушылар қолданады.

III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар қолданылады:

"авторландыру" – жалпы процеске белгілі бір қатысушыға белгілі бір іс-қимылдарды орындауға құқық беру;

"жалпы процесс рәсімдерінің тобы" – жалпы процестің ерекшелігіне қарай қандай да бір белгісі бойынша біріктірілген жалпы процестің рәсімдері;

"жалпы процестің ақпараттық объектісі" – туындауы, өзгеруі немесе тоқтауы (аяқталуы) туралы мәліметтері жалпы процесс рәсімдерінің орындалуы барысында жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде берілетін мән-жайлар, іс-қимылдар немесе оқиғалар;

"орындаушы" – операцияны орындауға жауапты жалпы процеске қатысушы;

"тарихи деректер" – қалыптасқан кезінен бастап және өзгерістер енгізу көзделмейтін кеден өкілдерінің жалпы тізілімінде сақталатын ақпарат;

"ұлттық тізілім" – қалыптастыруды және жүргізуді Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің кеден органы жүзеге асыратын кеден өкілдерінің тізілімі;

"жалпы процестің операциясы" – жалпы процеске белгілі қатысушының функциялары, міндеттері аясына кіретін кезекті, қайталанатын іс-қимыл;

"жалпы процестің рәсімі" – жалпы процеске қатысушылар орындайтын және жалпы процесс шеңберінде нақты міндетті шешуге бағытталған жалпы процестің өзара байланысты операцияларының жиынтығы;

"жалпы процеске қатысушы" – Еуразиялық экономикалық комиссия, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органы, сондай-ақ жалпы процестің нәтижелеріне мүдделі және жалпы процеске қатысуы халықаралық шарттармен және Еуразиялық экономикалық одақ құқығын құрайтын актілермен регламенттелген заңды немесе жеке тұлға.

IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Жалпы процестің толық атауы: "Кеден өкілдерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану".

6. Жалпы процестің кодтық белгіленімі: Р.СС.05, 1.1.1-версия.

1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері

7. Жалпы процестің мақсаты жалпы процеске қатысушылардың кеден өкілдерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және одан мәліметтер беру тетігін жетілдіру болып табылады.

8. Жалпы процестің мақсатына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

а) Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан (бұдан әрі –

тиісінше Одақ, мүше мемлекеттер) заңды тұлғаларды ұлттық тізілімге енгізу, оларды бұл тізілімнен шығару, кеден өкілі ретінде қызметті тоқтата тұру (қайта бастау) туралы, сондай-ақ ұлттық тізілімдегі заңды тұлғалар туралы мәліметтерді өзгерту туралы ақпарат алуын қамтамасыз ету;

б) Комиссияға келіп түскен ақпарат негізінде кеден өкілдерінің жалпы тізілімін автоматты түрде қалыптастыруды және оны Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз ету;

в) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінде пайдалану мақсатында кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізілген заңды тұлғалар туралы мәліметтерді автоматты түрде беру тетігін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы іске асыру;

г) кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізілген заңды тұлғалар туралы мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында орналастырылған сервистерді пайдалана отырып, сыртқы ақпараттық жүйелердің сұрау салуы бойынша беруді қамтамасыз ету.

2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ACT.001	Комиссия	Комиссияның кеден өкілдерінің жалпы тізілімін қалыптастыруды, жүргізуді және пайдалануды қамтамасыз етуге жауап беретін құрылымдық бөлімшесі
P.CC.05.ACT.001	мүше мемлекеттің уәкілетті органы	мүше мемлекеттің ұлттық тізілімді жүргізуге және оны кеден өкілдерінің жалпы тізілімін қамтамасыз ету үшін Комиссияға ұсынуға, сондай-ақ кедендік операцияларды жасаған және кедендік бақылауды жүзеге асыру кезінде кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді пайдалануға уәкілетті атқарушы билік органы
P.CC.05.ACT.002	мүдделі тұлға	сыртқы экономикалық қызметке қатысушы, өз қызметінде кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді пайдаланатын заңды немесе жеке тұлға

3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс өзінің мақсаты бойынша топтастырылған мынадай рәсімдердің жиынтығын білдіреді:

- а) кеден өкілдерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері;
- б) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді беру рәсімдері;
- в) мүдделі тұлғаларға кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді беру рәсімдері.

11. Жалпы процестің рәсімдерін орындау кезінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан алынған ұлттық тізілімдер мәліметтері негізінде кеден өкілдерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, сондай-ақ кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізілген заңды тұлғалар туралы мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен мүдделі тұлғаларға беру жүзеге асырылады.

Кеден өкілдерінің жалпы тізілімін қалыптастыру кезінде кеден өкілдерінің жалпы тізілімін қалыптастыру мен жүргізу рәсімдері тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:


- мәліметтерді кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізу;
- кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту;
- мәліметтерді өкілдерінің жалпы тізілімінен алып тастау.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ақпарат беру кезінде кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына беру рәсімдері тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:

- кеден өкілдерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты алу;
- кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алу;
- кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты алу.

Мүдделі тұлғаларға ақпарат беру кезінде кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді мүдделі тұлғаларға беру рәсімдері тобына енгізілген "Одақтың ақпараттық порталы арқылы кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен мәліметтер алу" рәсімі орындалады.

12. Жалпы процесс құрылымының келтірілген сипаттамасы 1-суретте ұсынылған.



1-сурет. Жалпы процестің құрылымы

13. Операцияларды егжей-тегжейлі сипаттауды қоса алғанда, өзінің мақсаты бойынша топтастырылған жалпы процестің рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Рәсімдердің әрбір тобы үшін жалпы процестің рәсімдері мен оларды орындау тәртібі арасындағы байланысты көрсететін жалпы схемасы келтіріледі. Рәсімдердің жалпы схемасы UML (модельдеудің біріздендірілген тілі - Unified Modeling Language) графикалық нотациясы пайдаланыла отырып құрылған және мәтіндік сипаттаумен жабдықталған.

4. Кеден өкілдерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобы

15. Кеден өкілдерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерін орындау мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұлттық тізілімдегі мәліметтерді өзгерту (қосу, алып тастау) туралы ақпаратты алған кезінен басталады.

Ұлттық тізілімді жүргізген кезде мүше мемлекеттің уәкілетті органында осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес заңды тұлғаны ұлттық тізілімге енгізу туралы құжаттардың тіркеу нөмірлерінің бірегейлігі қамтамасыз етіледі.

Кеден өкілдерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерін орындау кезінде мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұлттық тізілімге өзгерістер енгізу кезінде осы өзгерістер туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға береді. Көрсетілген мәліметтерді беру Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі - Ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 1 қыркүйектегі № 105 шешімімен бекітілген "Кеден өкілдерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және ішкі сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде жүзеге асырылады. Берілетін мәліметтердің форматы мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 1 қыркүйектегі № 105 шешімімен бекітілген "Кеден өкілдерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және ішкі сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуге тиіс.

Заңды тұлғаны ұлттық тізілімге енгізген кезде "Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.CC.05.PRC.001) рәсімі орындалады.


Ұлттық тізілімге енгізілген өзгерістер туралы мәліметтер берілген кезде (заңды тұлға кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізілген кезде мәлімделген ол туралы

мәліметтер өзгерген жағдайда) "Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту" (P.CC.05.PRC.002) рәсімі орындалады.

Занды тұлғаны ұлттық тізілімнен шығару туралы мәліметтер берілген кезде "Кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.CC.05.PRC.003) рәсімі орындалады.

Егер ұлттық тізілімге өзгерістер енгізу процесінде заңды тұлғаның ұлттық тізілімге енгізілгенін растайтын құжаттың тіркеу нөмірі өзгерген жағдайда, онда мәліметтерді беру 2 рәсім: "Кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.CC.05.PRC.003) және "Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.CC.05.PRC.001) пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

16. Кеден өкілдерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 2-суретте ұсынылған.



2-сурет. Кеден өкілдерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобын орындаудың жалпы схемасы

17. Кеден өкілдерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

Кеден өкілдерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3

P.CC.05.PRC.001	кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне мәліметтер енгізу	рәсімді орындау процесінде мүше мемлекеттің уәкілетті органы кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізу үшін мәліметтер қалыптастыруды және оларды Комиссияға беруді жүзеге асырады
P.CC.05.PRC.002	кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту	рәсімді орындау процесінде мүше мемлекеттің уәкілетті органы кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтер қалыптастыруды және оларды Комиссияға беруді жүзеге асырады
P.CC.05.PRC.003	Кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау	рәсімді орындау процесінде мүше мемлекеттің уәкілетті органы кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаны шығару туралы мәліметтер қалыптастыруды және оларды Комиссияға беруді жүзеге асырады

5. Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді мүше мемлекеттің уәкілетті органдарына беру рәсімдерінің тобы

18. Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді мүше мемлекеттің уәкілетті органдарына беру рәсімдері мүше мемлекеттің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен тиісті сұрау салуды алу кезінде орындалады.

Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді мүше мемлекеттің уәкілетті органдарына беру рәсімдерін орындау шеңберінде мүше мемлекеттің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен келіп түсетін сұрау салудың мынадай түрлері өңделеді:

кеден өкілдерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу;

кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен мәліметтерге сұрау салу;

кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу.


Кеден өкілдерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салуды мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесіндегі сақтаулы кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізілген кеден өкілдері туралы мәліметтерді кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі және Комиссияда сақтаулы мәліметтермен үйлестіру қажеттілігін бағалау мақсатында мүше мемлекеттің уәкілетті органы орындайды. Сұрау

салуды жүзеге асыру кезінде "Кеден өкілдерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат" (P.CC.05.PRC.004) рәсімі орындалады.

Кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен мәліметтерге сұрау салу кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізілген барлық заңды тұлғалар туралы Комиссияда сақтаулы мәліметтерді мүше мемлекеттің уәкілетті органының алуы мақсатында орындалады. Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерге не толық көлемде (тарихи деректер ескеріле отырып), не белгілі бір күнгі жағдай бойынша сұрау салынады. Кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен мәліметтерге толық көлемде сұрау салу кеден өкілдері туралы мәліметтерді ақпараттық жүйеге бастапқы жүктеу кезінде, мысалы, жалпы процесті инициализациялау, оған жалпы процеске жаңа қатысушыны қосу, іркілістен кейін ақпаратты қалпына келтіру кезінде пайдаланылады. Сұрау салуды орындау кезінде "Кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен мәліметтер алу" (P.CC.05.PRC.005) рәсімі орындалады.

Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу кезінде кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне қосылған немесе сұрау салуда көрсетілген кезден бастап осы сұрау салу орындалған кезге дейін өзгерістер енгізілген мәліметтер беріледі. Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" (P.CC.05.PRC.006) рәсімі орындалады.

19. Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына беру рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 3-суретте ұсынылған.



3-сурет. Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына беру рәсімдері тобын орындаудың жалпы схемасы

20. Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына беру рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына беру рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.05.PRC.004	кеден өкілдерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу	рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесіндегі сақтаулы кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізілген кеден өкілдері туралы мәліметтерді кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтермен үйлестіру қажеттілігін мүше мемлекеттің уәкілетті органының бағалауына арналған
P.CC.05.PRC.005	кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен мәліметтер алу	рәсім кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді алуға арналған
P.CC.05.PRC.006	кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу	рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесіндегі сақтаулы кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізілген кеден өкілдері туралы мәліметтерді кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтермен үйлестіруге арналған


6. Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді мүдделі тұлғаларға беру рәсімдерінің тобы

21. Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді мүдделі тұлғаларға беру рәсімдері Одақтың ақпараттық порталы арқылы орындалады.

Одақтың ақпараттық порталы арқылы мәліметтер берілген кезде осы порталдың веб-интерфейсі не осы порталда орналастырылған сервистер пайдаланылады. Веб-интерфейсті пайдаланған кезде пайдаланушы браузер терезесінде іздеу және (немесе) кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді жүктеу параметрлерін береді, браузер терезесінде ұсынылған кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен алынған ақпаратпен жұмысты жүзеге асырады.

Одақтың ақпараттық порталында орналастырылған сервистер пайдаланылған кезде өзара іс-қимыл мүдделі тұлғаның ақпараттық жүйесі Одақтың ақпараттық порталы арасында жүзеге асырылады.

22. Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді мүдделі тұлғаларға беру рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 4-суретте ұсынылған.



4-сурет. Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді мүдделі тұлғаларға беру рәсімдері тобын орындаудың жалпы схемасы

23. Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді мүдделі тұлғаларға беру рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді мүдделі тұлғаларға беру рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.05.PRC.007	Одақтың ақпараттық порталы арқылы кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен мәліметтер алу	рәсім осы порталдың веб-интерфейсін не осы порталда орналастырылған сервистерді пайдалана отырып, Одақтың ақпараттық порталы арқылы кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді алуға арналған

V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

24. Олар туралы немесе олардан алынатын мәліметтер жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде берілетін ақпараттық объектілердің тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

Ақпараттық объектілердің тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.05.BEN.001	кеден өкілі туралы мәліметтер	мүше мемлекеттің уәкілетті органының Комиссияға берген ұлттық тізілім мәліметтері

P.CC.05.BEN.002	кеден өкілдерінің жалпы тізілімінің жай-күйі туралы ақпарат	кеден өкілдерінің жалпы тізілімінің жай-күйі (соңғы жаңартылған күні мен уақыты) туралы ақпарат
P.CC.05.BEN.003	кеден өкілдерінің жалпы тізілімі	кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізілген заңды тұлғалар туралы мәліметтер

VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауапкершілігі

25. Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлерін ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушыларды мәліметтер берудің уақытылығы мен толықтығын қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тарту 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, Одақ шеңберіндегі өзге де халықаралық шарттарға және Одақ құқығын құрайтын актілерге сәйкес, ал мүше мемлекеттің уәкілетті органдардың лауазымды адамдары мен қызметкерлері үшін – мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

26. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 6-кестеде келтірілген.

6-кесте


Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Типі	Сипаттамасы
1	2	3	4
P.CLS.001	әлем елдерінің сыныптауышы	халықаралық сыныптауыш	Елдер атауларының тізбесін және оларға сәйкес келетін кодтарды қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.024	Тілдер кодтарының сыныптауышы	халықаралық сыныптауыш	Тілдер атауларының тізбесін және ISO 639-1 стандартына сәйкес олардың кодын қамтиды
P.CLS.025	Мүше мемлекеттер кеден органдарының сыныптауышы	өңірлік сыныптауыш	Мүше мемлекеттер кеден органдары атауларының тізбесін және оларға сәйкес келетін кодтарды қамтиды

VIII. Жалпы процестің рәсімдері

1. Кеден өкілдерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері "Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.CC.05.PRC.001) рәсімі

27. "Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.CC.05.PRC.001) рәсімін орындау схемасы 5-суретте ұсынылған.



5-сурет. "Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.CC.05.PRC.001) рәсімін орындау схемасы

28. Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.CC.05.PRC.001) рәсімі мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұлттық тізілімге мәліметтерді енгізген кезде орындалады.

29. Бірінші "Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізу үшін мәліметтер беру" (P.CC.05.OPR.001) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлға туралы мәліметтерді қалыптастырады және оларды Комиссияға береді.

30. Комиссияға кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлға туралы мәліметтер келіп түскен кезде "Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлға туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.05.OPR.002) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша заңды тұлға туралы мәліметтер кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізіледі. Заңды тұлғаның кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізілгені туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына беріледі.

31. Мүше мемлекеттің уәкілетті органына заңды тұлғаның кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізілгені туралы хабарлама келіп түскен кезде "Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне мәліметтердің енгізілгені туралы хабарлама алу" (P.CC.05.OPR.003) операциясы орындалады, оның орындалуы барысында көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

32. "Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлға туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.05.OPR.002) операциясы орындалған жағдайда "Кеден өкілдерінің жалпы тізілімін жариялау" (P.CC.05.OPR.004) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша жаңартылған кеден өкілдерінің жалпы тізілімі Одақтың ақпараттық порталында жарияланады.

33. Комиссияда ұлттық тізілімдегі мәліметтерді өңдеу, заңды тұлғаны кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізу және кеден өкілдерінің жалпы тізілімін Одақтың ақпараттық порталында жариялау "Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.CC.05.PRC.001) рәсімінің орындалу нәтижесі болып табылады.

34. "Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.CC.05.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 7-кестеде келтірілген.

7-кесте

"Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне мәліметтер енгізу"
(P.CC.05.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.05.OPR.001	кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізу үшін мәліметтер беру	Осы Қағидалардың 8-кестесінде келтірілген
P.CC.05.OPR.002	кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлға туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу	Осы Қағидалардың 9-кестесінде келтірілген
P.CC.05.OPR.003	кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне мәліметтердің енгізілгені туралы хабарлама алу	Осы Қағидалардың 10-кестесінде келтірілген
P.CC.05.OPR.004	кеден өкілдерінің жалпы тізілімін жариялау	Осы Қағидалардың 11-кестесінде келтірілген

8-кесте

"Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізу үшін мәліметтер беру" (P.CC.05.OPR.001) операциясының сипаттамасы

р/с№	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3

1	Кодтық белгіленімі	P.CC.05.OPR.001
2	Операцияның атауы	кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізу үшін мәліметтер беру
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындалу шарты	ұлттық тізілімге мәліметтер енгізу кезінде орындалады
5	Шектеулер	берілетін мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес орындаушы кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлға туралы Комиссияға беруге арналған мәліметтерді қамтитын хабарды қалыптастырады
7	Нәтижелері	кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізу үшін мәліметтер Комиссияға берілген

9-кесте

"Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлға туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.05.OPR.002) операциясының сипаттамасы

p/c№	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.CC.05.OPR.002
2	Операцияның атауы	кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлға туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындалу шарты	Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді орындаушы алған кезде орындалады ("Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізу үшін мәліметтер беру" (P.CC.05.OPR.001) операциясы)
		Берілетін мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Авторландыру

5	Шектеулер	талап етіледі, мәліметтерді мүше мемлекеттің уәкілетті органдары ғана береді. Хабар мен электрондық құжат (мәлімет) Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген электрондық құжаттың (мәліметтің) деректемелерін толтыру талаптарына сәйкес келуге тиіс.
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы заңды тұлға туралы мәліметтерді кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізуді жүзеге асырады, заңды тұлғаның кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізілгені туралы хабарламаны қалыптастырады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелері	кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлға туралы мәліметтер өңделген, заңды тұлғаның кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізілгені туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілген

10-кесте

"Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне мәліметтердің енгізілгені туралы хабарлама алу" (Р.СС.05.OPR.003) операциясының сипаттамасы

р/с№	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	Р.СС.05.OPR.003
2	Операцияның атауы	кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне мәліметтердің енгізілгені туралы хабарлама алу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындалу шарты	орындаушы заңды тұлғаның кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізілгені туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлға туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (Р.СС.05.OPR.002) операциясы)
		хабарламаның форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің

5	Шектеулер	форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес хабарламаны алуды жүзеге асырады
7	Нәтижелері	мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама өңделген


11-кесте

"Кеден өкілдерінің жалпы тізілімін жариялау" (P.CC.05.OPR.004) операциясының сипаттамасы

р/с№	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.CC.05.OPR.004
2	Операцияның атауы	кеден өкілдерінің жалпы тізілімін жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындалу шарты	мәліметтерді кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізу кезінде орындалады ("Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізілетін заңды тұлға туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.05.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	—
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы кеден өкілдерінің жалпы тізілімін Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді
7	Нәтижелері	енгізілген мәліметтерді қамтитын кеден өкілдерінің жалпы тізілімі Одақтың ақпараттық порталында жарияланған

"Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту" (P.CC.05.PRC.002) рәсімі

35. "Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту" (P.CC.05.PRC.002) рәсімін орындау схемасы 6-суретте ұсынылған.



6-сурет. "Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту" (P.CC.05.PRC.002) рәсімін орындау схемасы

36. "Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту" (P.CC.05.PRC.002) рәсімі мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұлттық тізілімге өзгерістер енгізген кезде орындалады.

37. Бірінші "Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне енгізу үшін мәліметтер беру" (P.CC.05.OPR.005) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қалыптастырады және оларды Комиссияға береді.

38. Комиссияға кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтер келіп түскен кезде "Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.05.OPR.006) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша кеден өкілдерінің жалпы тізілімінде тиісті мәліметтер жаңартылады. Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне өзгерістердің енгізілгені туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына беріледі.

39. Мүше мемлекеттің уәкілетті органына кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне өзгерістердің енгізілгені туралы хабарлама келіп түскен кезде "Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне өзгерістердің енгізілгені туралы хабарлама алу" (P.CC.05.OPR.007) операциясы орындалады, оның орындалу барысында көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

40. "Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.05.OPR.006) операциясы орындалған жағдайда "Кеден өкілдерінің жалпы тізілімінің жаңартылған мәліметтерін жариялау" (P.CC.05.OPR.008) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша кеден өкілдерінің жалпы тізілімінің жаңартылған мәліметтері Одақтың ақпараттық порталында жарияланады.

41. Комиссияда ұлттық тізілімнен мәліметтерді өңдеу, кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу және өзгертілген мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау "Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту" (P.CC.05.PRC.002) рәсімінің орындалу нәтижесі болып табылады.

42. "Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту" (P.CC.05.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 12-кестеде келтірілген.

12-кесте

"Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту" (P.CC.05.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.05.OPR.005	кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтер беру	осы Қағидалардың 13-кестесінде келтірілген
P.CC.05.OPR.006	кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 14-кестесінде келтірілген
P.CC.05.OPR.007	кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне өзгерістердің енгізілгені туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 15-кестесінде келтірілген
P.CC.05.OPR.008	кеден өкілдерінің жалпы тізілімінің жаңартылған мәліметтерін жариялау	осы Қағидалардың 16-кестесінде келтірілген

13-кесте

"Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтер беру" (P.CC.05.OPR.005) операциясының сипаттамасы

р/с№	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.CC.05.OPR.005
2	Операцияның атауы	кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтер беру

3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындалу шарты	Ұлттық тізілімге өзгерістер енгізу кезінде орындалады
5	Шектеулер	Берілетін мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес орындаушы Комиссияға кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін беруге арналған мәліметтерді қамтитын хабарды қалыптастырады
7	Нәтижелері	кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтер Комиссияға берілген

14-кесте

"Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.05.OPR.006) операциясының сипаттамасы

р/с№	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.CC.05.OPR.006
2	Операцияның атауы	кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындалу шарты	орындаушы кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді алған кезде орындалады ("Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтер беру" (P.CC.05.OPR.005) операциясы)
5	Шектеулер	берілетін мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Авторландыру талап етіледі, мәліметтерді мүше мемлекеттің уәкілетті органдары ғана береді. Хабар мен электрондық құжат (мәлімет)

		Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген электрондық құжаттың (мәліметтің) деректемелерін толтыру талаптарына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізеді, кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне өзгерістердің енгізілгені туралы хабарламаны қалыптастырады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелері	кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтер өңделген, кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізілгені туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілген

15-кесте

"Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне өзгерістердің енгізілгені туралы хабарлама алу" (Р.СС.05.OPR.007) операциясының сипаттамасы

р/с№	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	Р.СС.05.OPR.007
2	Операцияның атауы	кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне өзгерістердің енгізілгені туралы хабарлама алу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындалу шарты	орындаушы кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне өзгерістердің енгізілгені туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (Р.СС.05.OPR.006) операциясы)
5	Шектеулер	хабарламаның форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс

6	Операцияның сипаттамасы	Орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес хабарламаны қабылдауды жүзеге асырады
7	Нәтижелері	кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне өзгерістердің енгізілгені туралы хабарлама өңделген


16-кесте

"Кеден өкілдерінің жалпы тізілімінің жаңартылған мәліметтерін жариялау" (P.CC.05.OPR.008) операциясының сипаттамасы

р/с№	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.CC.05.OPR.008
2	Операцияның атауы	кеден өкілдерінің жалпы тізілімінің жаңартылған мәліметтерін жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындалу шарты	кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу кезінде орындалады ("Кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.05.OPR.006) операциясы)
5	Шектеулер	—
6	Операцияның сипаттамасы	Орындаушы кеден өкілдерінің жалпы тізілімінің жаңартылған мәліметтерін Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді
7	Нәтижелері	кеден өкілдерінің жалпы тізілімінің жаңартылған мәліметтері Одақтың ақпараттық порталында жарияланған

"Кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.CC.05.PRC.003) рәсімі

43. "Кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.CC.05.PRC.003) рәсімінің орындалу схемасы 7-суретте ұсынылған.



7-сурет. Кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.CC.05.PRC.003) рәсімінің орындалу схемасы

44. "Кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.CC.05.PRC.003) рәсімі мәліметтер ұлттық тізілімнен алып тасталған кезде орындалады.

45. Бірінші "Кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаны шығару үшін мәліметтер беру" (P.CC.05.OPR.009) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаны шығару үшін мәліметтер қалыптастырады және Комиссияға береді.

46. Комиссияға кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаны шығару туралы мәліметтер келіп түскен кезде "Кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаны шығару үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.05.OPR.010) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша тиісті заңды тұлға туралы ақпарат кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен алып тасталады. Кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаның шығарылғаны туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына беріледі.

47. Мүше мемлекеттің уәкілетті органына кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаның шығарылғаны туралы хабарлама келіп түскен кезде "Кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен мәліметтердің алып тасталғаны туралы хабарлама алу" (P.CC.05.OPR.011) операциясы орындалады, оның орындалу барысында көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

48. "Кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаны шығару үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.05.OPR.010) операциясы орындалған жағдайда "Кеден өкілдерінің жаңартылған жалпы тізілімін жариялау" (P.CC.05.OPR.012) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша жаңартылған жалпы тізілім Одақтың ақпараттық порталында жарияланады.

49. Комиссияда кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаны шығару туралы мәліметтерді өңдеу, кеден өкілдерінің жалпы тізіліміне тиісті ақпаратты енгізу және кеден өкілдерінің жаңартылған жалпы тізілімін Одақтың ақпараттық порталында жариялау "Кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.CC.05.PRC.003) рәсімінің орындалу нәтижесі болып табылады.

50. "Кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.CC.05.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 17-кестеде келтірілген.

17-кесте

"Кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.CC.05.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.05.OPR.009	кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаны шығару үшін мәліметтер беру	осы Қағидалардың 18-кестесінде келтірілген
P.CC.05.OPR.010	кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаны шығару үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 19-кестесінде келтірілген
P.CC.05.OPR.011	кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен мәліметтердің алып тасталғаны туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 20-кестесінде келтірілген
P.CC.05.OPR.012	кеден өкілдерінің жаңартылған жалпы тізілімін жариялау	осы Қағидалардың 21-кестесінде келтірілген

18-кесте

"Кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаны шығару үшін мәліметтер беру" (P.CC.05.OPR.009) операциясының сипаттамасы

р/с№	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.CC.05.OPR.009

2	Операцияның атауы	кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаны шығару үшін мәліметтер беру
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындалу шарты	мәліметтер ұлттық тізілімнен алып тасталған кезде орындалады
5	Шектеулер	берілетін мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс.
6	Операцияның сипаттамасы	Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес орындаушы Комиссияға кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаны шығару үшін беруге арналғандар мәліметтерді қамтитын хабарды қалыптастырады
7	Нәтижелері	кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаны шығару үшін мәліметтер Комиссияға берілген

19-кесте

"Кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаны шығару үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.05.OPR.010) операциясының сипаттамасы

р/с№	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.CC.05.OPR.010
2	Операцияның атауы	кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаны шығару үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындалу шарты	орындаушы кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаны шығару үшін мәліметтер алған кезде орындалады ("Кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаны шығару үшін мәліметтер беру" (P.CC.05.OPR.009) операциясы)
		берілетін мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен

5	Шектеулер	құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Авторландыру талап етіледі, мәліметтерді мүше мемлекеттің уәкілетті органдары ғана береді. Хабар мен электрондық құжат (мәлімет) Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген электрондық құжаттың (мәліметтің) деректемелерін толтыру талаптарына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаны шығарады, кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаның шығарылғаны туралы хабарламаны қалыптастырады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелері	кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаны шығару үшін мәліметтер өңделген, кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаның шығарылғаны туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілген

20-кесте

"Кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен мәліметтердің алып тасталғаны туралы хабарлама алу" (P.CC.05.OPR.011) операциясының сипаттамасы

р/с№	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.CC.05.OPR.011
2	Операцияның атауы	кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен мәліметтердің алып тасталғаны туралы хабарлама алу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындалу шарты	орындаушы кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаның шығарылғаны туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Кеден өкілдерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаны шығару үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу (P.CC.05.OPR.010) операциясы)

5	Шектеулер	хабарламаның форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс.
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес хабарлама қабылдауды жүзеге асырады
